«№74 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕП» КММ

Әдістемелік ұсыныстарға 4-қосымша

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтарын және жиһазбен қамтамасыз ету туралы мәліметтер.

№	Жиһаздың атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1	Мұғалім үстелі	дана	1
2	Мұғалім орындығы	дана	1
3	Компьютер	комплект	
4	Принтер (цветной)	дана	1
5	Интерактивті панель	дана	1
6	Тақта	дана	1
7	Оқушы партасы	дана	12
8	Оқушы орындығы	дана	24
9	Кітап сөресі (шкаф)	дана	3
10	Қабырға стендтері (сынып, табиғат, ұлттық бұрыштар)	комплект	1
11	Оқушылардың ойыншықтары	комплект	2
12	Ойын доптары		3
13	Үйшіктер	комплект	1
14	МАД тобына арналған папкалар	комплект	2
15	Альвафит	дана	1

Мектеп директоры: А.Қ.Башанов

Жиһаз және жабдықтармен қамтылу туралы ақпарат



Заттық-кеңістік дамытушы орта



Ойна да біл,
Ойна да күл.
Менің күнім...

ТАБИҒАТ БҰРЫШЫ
КҮНІ
АЙЫ
ЖЕЛТОҚСАН - ҚАҢТАР - АҚПАН
НАУРЫЗ - СӘУІР - МАМЫР
МАУСЫМ - ШІЛДЕ - ТАМЫЗ
ҚЫРКҮЙЕК - ҚАЗАН - ҚАРАША
КҮЗ
ҚЫС
ЖАЗ
КӨКТЕМ
ДҮЙСЕНБІ
СЕЙСЕНБІ
СӘРСЕНБІ
БЕЙСЕНБІ
ЖҰМА
СЕНБІ
ЖЕКСЕНБІ





12345
678910
+ − =
Аа Әә Бб Вв Гг Ғғ
Дд Ее Ёё Жж Зз Ии
Йй Кк Ққ Лл Мм Нң
Оо Өө Пп Рр Сс
Тт Уу Ұұ Үү Шш Іі
1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР
ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР

ЖЫЛ
ҚҰСТАРЫ

Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға, командалық жұмыс дағдыларын дамытуға арналған оқу және ойын материалдары

" Әлеуметтік –эмоционалды дағдыларды қалыптастыру " білім беру дағдысы

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырыл

Мақсаты: ерте жастағы балаларды әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, отбасының дәстүрлеріне баулу, олардың әлеуметтік дағдылары мен өз бетінше үйрену дағдыларын дамыту.

Міндеттері:

– балалардың мектепке дейінгі ұйымға табысты бейімделуі үшін жағдай жасау;

– балаларды әлеуметтендіру негізі ретінде заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны жобалау;

– әрекет пен қарым-қатынастағы жетістіктерді бағалау арқылы баланы әрекет түрлерінде дербестікке, өзіндік сана-сезімге және өзінің қадір-қасиетін сезінуге тәрбиелеу үшін жағдай жасау;

– баланы ересектермен және құрдастарымен мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

– баланың әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру және оның әлеуметке үйлесімді енуін қалыптастыру;

– ерте жастағы балалар үшін олардың жалпы дамуы мен әлеуметтенуі үшін ойындар ұйымдастыру.

Физикалық қасиеттерді дамыту материалдары

"Физикалық қасиеттерді дамыту " білім беру дағдысының базалық мазмұны дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.

Мақсаты: денсаулықты сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың толыққанды денесін және психикасын дамытатын, ағзаны шынықтыратын, негізгі қимылдарды дамытатын жағдайлармен қамтамасыз ету болып табылады.

Міндеттері: – балалардың өмірін қорғауға және денсаулықты нығайтуға жағдай жасау;

– жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдікті жетілдіруге мүмкіндік беретін негізгі қимыл түрлерін дамыту және үйлестіру;

– денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру;

– дербестікке, дене жаттығуларын орындауға ынтасын тәрбиелеу.

– құрдастарымен бірге қатар ойнау білігін қалыптастыру, өз қалауын тежеу.

Коммуникативтік дағдыларды дамытуға арналған оқу және ойын материалдары

«Коммуникативті дағдыларды дамыту» білім беру дағдысының базалық мазмұны – сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет, сауат ашу негіздері , қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.

Білім беру дағдының мазмұны сөйлеу қарым-қатынас қажеттілігін қалыптастыратын жағдайлармен, коммуникативтік дағдыларын дамытуды, белсенді және пассивті сөздік қорын, тілдің грамматикалыққұрылымын, дыбыстық мәдениетін, баланың байланыстырып сөйлеуін басқа білім салаларымен кіріктіру арқылы жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Мақсаты: әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін жағдайлармен қамтамасыз ету болып табылады.

Міндеттері: – баланың ауыртпалықсыз және уақытылы әлеуметтенуі;

– оны жалпы қабылданған қарым-қатынас нормаларына, құрдастары мен ересектер арасындағы өзара қарым-қатынасқа баулу;

– тыңдау мәдениетін қалыптастыру

–сөздік қорды дамыту;

– тілдің грамматикалық құрылымына, сөзді дыбыстау мәдениетіне және байланыстырып сөйлеуге үйрет

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытуға арналған оқу және ойын материалдары

" Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту" білім беру дағдысының базалық мазмұны сенсорика, математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекетіарқылы іске асырылады.
" Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту" білім беру дағдысын ұйымдастыруда баланың қоршаған ортаны бағдарлау аясы кеңейтіледі және байытылады, сезімдік тәжірибесі қалыптасады, түйсіктері және қабылдауы жетілдіріледі.
Мақсаты: табиғат құбылыстары, адамдардың өмірі туралы түсініктерін, танымдық қабілеттерін қалыптастыруға арналған жағдайлармен қамтамасыз ету болып табылады.
Міндеттері:
– қоршаған орта туралы білімін кеңейту және байыту;
– сенсорлық қабілеттерін қалыптастыру;
– тірі және өлі табиғат құбылыстары жайлы бастапқы түсініктерін қалыптастыру;
– жануарлар әлеміне қамқор қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу;
– бейнелі-қимылдық ойлауды, есті, қиялды, зейінді, қабылдауды дамыту.

Шығармашылық дағдыларды, зерттеушілік әрекетті дамытуға арналған оқу және ойын материалдары

«Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекеттерін дамыту»

Білім беру дағдысының базалық мазмұны сурет салу, мүсіндеу, музыка, құрастыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады

Мақсаты: балалардың танымдық, шығармашылық, музыкалық қабілеттерін қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері: – өнімді әрекеттерге қызығушылықтарын ояту;

– балалардың байқампаздығын дамыту;

– көрнекі-қимылдық ойлауды, есті, қиялды, зейінді, қабылдауды дамыту;

– қоршаған орта туралы түсініктерін және сенсорлық қабілеттерін қалыптастыру.